

КУРЧАТОВ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРМЫС ТІРШІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ШҰҒЫЛ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 3 мамыр
1994 ж. N 466**

Ресей Қорғаныс министрлігінің 52605 әскери бөлімінің таратылуына және Ресей Федерациясының Семей-21 қаласын (Курчатов қаласы) қаржыландыруды тоқтатуына байланысты, сондай-ақ осы қаланың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы объектілерінің көп бөлігінің авариялық жағдайын ескеріп Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Курчатов қаласының әкімі:

мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп 1994 жылғы 15 мамырға дейін Курчатов қаласының тұрмыс қажетін өтейтін барлық құрылымдары бар тұрғын үй-коммуналдық және басқа қызметтерді қалыптастыратын болсын;

объектілердің нормативтерге сәйкес пайдалануын және күтіп ұсталуын қамтамасыз етсін. Қажет болған жағдайда жылу, су құбырлары мен канализация желілері мен жүйелерін қайта құра отырып тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты қыс кезінде пайдалануға жыл сайын әзірлеуді белгіленген мерзімдерде жүзеге асырсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Курчатов қаласының жылумен жабдықтау объектілерінің қанағаттанғысыз техникалық жағдайын ескеріп 1994 жылға арналған бюджетті қалыптастыру кезінде қазандықтар мен труба құбырларын жөндеуге 30 млн. теңге қаржы бөлінуін еске алатын болсын.

3. Халықтың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Семей облысының Курчатов қаласында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскерилендірілген өрттен қорғау күзетінің мамандандырылған бөлімі құрылсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Курчатов қаласындағы мамандандырылған өрттен қорғау күзетінің бөлімін ұстауға арнап Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ұсынуы бойынша республика бюджетінен қаржы бөлсін.

4. Қаланың тіршілігін қамтамасыз ету жүйесінің қызметін, кеден қызметін, ішкі істер бөлімін, прокуратура мен сотты жасақтау үшін 52605 әскери бөлімі жабдықтарды, механизмдер мен материалдарды Курчатов қаласының әкіміне өткізетін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК